

А. Қ. Алибаев,

*педагогика және басқару теориясы кафедрасының оқытушысы, полиция лейтенанты (ҚР
ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Жалпы білімнің жүйесі — қоғам дамуымен бірге дамып, әрдайым үнемі өзгеріп отырады. Ол әр елдің экономикалық ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, үздіксіз жетіле отырып, барынша күрделене түседі. Бүгінгі жаңа қоғамда оқытушының ішкі жан дүниесі де жаңаша, демек болашақ ұрпақтан үлкен үміт күтілуде. «Ойдағыдай тәрбиелеудің сыры білім алушыға деген құрмет сезімде жатыр», — деп Р. Эмерсон әзінше баға бере білген. Білім беру ордасындағы басты тұлға оқытушы десек, білім саясаты ең алдымен профессорлық-оқытушылық құрамы арқылы жүзеге асырылады. Ал біздің келешектегі мақсатымыз — рухани жан дүниесі бай, жан-жақты жарасымды дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Білім ордасы — жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру, бірнеше ғасырлар бойы жиналып сақталған мұраларын келешек ұрпақ игілігіне жеткізе алатын мәдени ошақтар, ұлттық тәлім-тәрбие орталығына айналмақ. Жоғары оқу орындары тағдыры қай қилы заманда да, қай ұлттың болсын кәзі ашық, кәкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып келген ең әзекті мәселелердің біріне саналды.

Қазіргі таңда Қазақстан бүкіл әлемдік білім кеңестігіне ену табалдырығында. Өмір ағымына қарай білім беру жүйесінің моделі күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Сондықтан заман талабына сай жаңа мазмұнда білім беру ұйымдастырылды, ол кредиттік білім беру жүйесіне кәшүмен тікелей байланысты.

Білім беру жүйесі шеңберінің сапалы өзгеруі және кәсіби даярлауда, әлемдік стандарттар деңгейіне жету, экономикалық жүйенің бәсекеге қабілеттілігі, мемлекеттің нығаюы және ұлттық мүдделерді дамыту бүгінгі күнгі білім беру саласының стратегиялық міндеттері болып табылады.

Олардың шешілуі мемлекетіміздің Болон процесіне қосылуына бірден бір талаптары болып отыр, ол өз кезегінде европалық білім беру кеңестігінің қалыптасуына бағытталды. Болон декларациясына Қазақстан Республикасының қол қойылып қатысуы, әлемдік білім беру кеңестігіне жол ашты, үздіксіз ұлттық білім беру моделінің жаһандануына, жеке тұлғаның және қоғамның білімге деген қажеттіліктерін қамтамасыз етті. Аталған процесті жүзеге асыру шарты ретінде кредиттік білім беру технологиясы болып табылады, себебі Болон декларациясында білім беру жүйелері ретінде ECTS — Кредиттерді жинақтау мен аударымдардың европалық жүйесі негізінде қалыптасуы тиіс.

Қазақстан Республикасында кредиттік білім беру жүйесі ХХІ ғасырдың басында эксперименталды түрде енгізіле бастады, жоғары оқу орындарының білім жүйесіне зерттеп кәшүіне орай студенттердің мобильділігі артты, олар оқу бағдарламаларының және жоспарларының бірізділігіне тікелей байланысты болды. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары белсенді түрде шетелдік алдыңғы қатарлы (университеттермен) жоғары оқу орындарымен халықаралық тығыз байланыс орнатты, халықаралық жобалар мен бағдарламаларға белсенді қатысты. Әлемдік білім беру жүйесіне отандық білім берудің барлық түрлерін кәшіруін жеделдетуіне орай Европалық одақтың (1995—1997 жылдар), қаржыландырылатын пилоттық жобаларының қосылуына әкеліп соқты. Қазақстан Республикасының бірнеше жоғары оқу орындары Темпус-ТАСИС жобаларын жеңіп алды. Аталғандар жоғары оқу орындарының ұжымдарын білім беру процесінің бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудың кредиттік білім беру жүйесін ескере отырып (бакалавр — магистр — доктор) жүйесіне кәше бастады.

Қазіргі таңда жаһандану шарттарына орай Қазақстан Республикасы жаңа білім беру жүйесін енгізу мемлекеттерінің бірі ретінде танылып отыр, яғни — кредиттік жүйесі, ол әлемдік білім беру жүйесінің кеңестігіне кіруге бағытталған.

Жоғары оқу орындарында білікті мамандарды дайындаудың сапасын арттырудың жолдарын іздеу инновациялық процестердің дамуына негіз болды, олар білім беру процесіне байланысты жаңа әдіс-тәсілдер, оқу процесін ұйымдастырудың жаңа нысандарын, білім беру жүйесіне жаңа құралдарды енгізуі ғылыми-техникалық жаһанданудың жемісіне тікелей байланысты.

Атап айтылғандай Болон декларациясы жоғары білім берудің екі деңгейін қарастырады, бірінші деңгейі атқарушылық түрдегі білімдерді беруге және олар қоғамымыздағы әндірісте кәрініс тапса, екінші деңгейі шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталады.

Берлин конференциясына дайындалған материалдарда «бакалавр — магистр» жүйесі постсоциалистік кеңестікте 10 жыл бұрын енгізілген деп айтылған. Бірақ формалды түрде ол еңбек нарығымен тікелей байланыспаған, ал оның қажеттілігі тек қана білім және ғылымға бағытталған, яғни академиялық мансапқа қажеттілігі туындаған. Бірақ бұл жүйенің жүзеге асырылуына тәжірибе әзінің өзгерістер мен толықтыруларын енгізіп отырған.

Сонымен қатар жоғары білім беру жүйесінің моделі өзгеріске ұшырауда — енді адамды оқытпайды, адам әзі білім алады. Аталған модель шеңберінде адам әмір бойы білім алумен әткізеді, біз оған тек қана жартылай мақсатына қарай және оның жеке талпынысына байланысты кәмек кәрсетеміз³.

Аталған тұжырымдама заңнамалық түрде ұлттық жоғары білім беру жүйесінде бекітіліп кәрініс тапты, 1999 жылы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жоғары және жоғары кәсіби білім беру кәп деңгейлі құрылым бойынша дамыды, олар әзінің құрамына бакалавр бағдарламасының деңгейлері және жоғары арнайы білім беру мен магистратураны қамтыды. Сонымен қатар негізгі қағида ретінде білім берудің үздіксіздігі және білім беру бағдарламасының барлық сатылары мен деңгейлерін қамтылуы.

Бұл жағдай жоғары білім беру мен жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беруді әрі қарай реформалауға қажеттілігін туындатты және білім берудің ұлттық моделін құруға жол ашуға мүмкіндік туғызды, ол Болон декларациясының және американдық үш деңгейлік білім беру моделдерінің негізгі ережелерін шектеулі түрде ала отырып қолданылды. Сонымен қатар Болон декларациясы ұлттық жоғары білім беру жүйесін реформалауды және жоғары оқу орындарының құрылымдық өзгеріс процесін ғана емес, білім беру бағдарламаларын әз-гертуге де бағытталған.

Болон процесінің негізінде англосаксондық екі деңгейлі дәрежедегі жоғары білім беру жүйесі орын алған «бакалавр — магистр». Англосаксондық дәрежедегі құрылым бойынша кредиттер, емтихандар және дипломдар мәселесіне ерекше кәңіл бәлінуде.

Қазақстан Республикасында белсенді түрде екі деңгейлік (3-дәрежелі) орта білімнен кейінгі жоғары білім берудің жүйесі енгізілу процесінде.

Ұлттық білім беру бағдарламаларын халықаралық тану мақсатында білім беру ұйымдарының профессорлық-оқытушылық құрамы мен білім алушылардың мобильділігін қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар білім беру сапасын арттыру мен барлық деңгейлерді қамту мақсатында, жоғары білім беру және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім бойынша үш деңгейлік мамандарды дайындау орын алған «бакалавр — магистр — доктор» яғни жоғары білім екі деңгей (бакалавр — магистр) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (доктор) аталған санаттардың барлығы бірыңғай кредиттік білім беру жүйесімен белгіленеді⁴.

Осының негізінде жоғары білім беру мен жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудің деңгейлерін модернизациялауы құрылымына, мазмұнына және білім беру процесіне қатысты жүргізіледі: біріншіден ол мамандарды дайындаудың үш деңгейлік құрылымына әтуі «бакалавр — магистр — доктор», екіншіден екі деңгейлік орта білім беруден кейінгі жүйесін сақтау (жоғары — жоғарғы оқу орнынан кейінгі), үшіншіден кредиттік білім беру жүйесін қолдану. Аталғандардың барлығы білім беру мазмұнында кәрініс табады.

Сонымен қатар жоғары білім беру жүйесінің негізгі міндеттері болып келесілер танылады:

- технологиялар мен еңбек нарығының ауыспалы талаптарына жауап беретін және бейім-деле алатын, кең фундаменталды білімі бар белсенді, жаңа формацияға сәйкес мамандарды дайындау; 140

- білім беру процесін демократизациялау арқылы барлық жоғары білім беру жүйесінде сапалы білім берудің қызметін ұсынуға талпындыру;
- жекелеген жоғары оқу орындарын халықаралық акредитацияға дайындау, элиталық жоғары дәрежедегі жоғары оқу орындарын дамытудың объективті шарттарын құру;
- жоғары оқу орындарын басқарудың жаңа қағидалары мен тәжірибесін құру, жоғары оқу орындарының автономдылығын кәтерү және ұзақ мерзімге жоспарлау жүйесін ендіру;
- сапалы білім алуға студенттердің құқықтарын күшейту, сапалы білім беру қызметтеріне жауапты жоғары оқу орындары басшыларының жауаптылығын арттырудың механизмін қайта әңдеу, анықтап ұсыну.

Жоғары білім берудің деңгейі бойынша Қазақстан Республикасының моделі Болон процесінің талаптарына жауап береді (базалық және кәсіби таңдау пәндері кем дегенде 3 жыл оқытылады), бір жағынан және американдық моделі (екі деңгей әр біреуі 2 жыл сайын) — екінші жағынан.

Бакалавриат бағдарламасының мазмұны кең базалық кәсіби дайындықты қарастырады, болашақ мамандардың фундаменталды білімдерін игеруге бағытталады, олардың кәсіби шығармашылығын және әзіндік білім алуды қалыптастырады.

Магистратурада білім беру екі бағытта жүзеге асырылуы мүмкін, бұл:

- 1) кәсіби білім беру;
- 2) ғылыми-педагогикалық білім беру.

Магистратураның білім беру бағдарламалары білім берудің ғылыми әдістемелік бағыттылығын қарастыруы қажет және сәйкесінше арнайы мамандандырылған терең білім алуды мақсат етеді.

Магистратураның түлектеріне «магистр» академиялық дәрежесі беріледі. Магистрлар докторантурада білім алуға құқығы бар.

Докторантура ғылыми және ғылыми-педагогикалық жоғары кадрлары білім алушыларының соңғы деңгейі болып табылады.

Докторантура (PhD) құрамына аспирантура, адъюнктура, ізденуші, шығармашылық демалыстар, дәстүрлі докторантура және де диссертацияны дайындаудың басқа да нысандары кіреді.

Докторлық бағдарламалардың ерекшелігі болып білім алу мен зерттеу жұмысының арасындағы рационалды түрде баланс орнатуды қамтамасыз ету, ғылыми кең білім мен әдістемелік дайындықты алу, мемлекетіміздің ғылыми қызметкерлерінің және оқытушылардың академиялық мобильділігін арттыру болып табылады.

Докторантура бағдарламасын меңгерген және докторлық диссертацияны қорғаған тұлғаларға, философия докторы (PhD) академиялық дәреже беріледі, ал кәсіби докторантураны меңгерген тұлғаларға — кәсіби бойынша доктор (медицина, музыка, білім беру, құқық және т. б.) беріледі.

Осының негізінде халықаралық білім беру жүйелерінің бірізділігі мен салыстырмалығына және жалпы білім беру кеңестігіне байланысты Қазақстан Республикасына келесідей жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беру енгізіледі:

- 1) бакалавриат — бірінші деңгейдегі бағдарлама (орта білім беруден кейінгі бірінші сатысы) білім алу мерзімі 4 жыл, ол екі деңгейден тұрады: төменгі — 2 жыл және жоғарғы (академиялық деңгей) — 2 жыл;
- 2) магистратура — екінші деңгейдегі бағдарлама (орта білімнен кейінгі екінші сатысы) білім алу мерзімі 1—2 жыл, ол екі сызықта жүзеге асырылады: кәсіби тереңдетілген дайындық және ғылыми-педагогикалық дайындық;
- 3) докторантура — екінші деңгей бағдарламасы (орта білімнен кейінгі үшінші сатысы) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мерзімі 3—4 жыл, ол екі сызықта жүзеге асырылады: кәсіби докторантура және ғылыми докторантурас.

Жоғарыда аталған шаралардың барлығы Елбасының «Сапалы білім Қазақстанды индустрияландыру мен инновациялық дамытудың негізі болуы тиіс» деген міндетін орындауға бағытталған. Сондықтан да әлемдік білім кеңестігіне кіре алатын ел болуымыз үшін және әлемдік кеңістікте біздің студенттердің дипломын тануы үшін Елбасы айтқандай, «әмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс. 141

- 1 Чистохвалов В. Н. Кредитные единицы входят в Российскую высшую школу // Высшее образование в Рос-сии. — 2004. — № 4.
- 2 Чубик П. С., Боев О. В., Суржиков А. Л., Соловьев М. А. Опыт использования кредитно-рейтинговой системы и Diploma Supplement в ТПУ // Россия и Болонский процесс: задачи, проблемы, перспективы: Сб. мат-лов зонального совещания в ТПУ 11—12 мая 2004 г. // http://cam.tpu.ru/Doklady/Chubik_Voev.ppt.
- 3 Селевко Г. К. Современные образовательные технологии: Учеб. пос. — М., 1998.
- 4 Основы кредитной системы обучения в Казахстане / Под ред. Ж. А. Кулекеева, Г. Н. Гамарника. — Алматы, 2004.
- 5 Кредитная система обучения в вузе: структура, процедуры и организация. — Алматы, 2004.